

Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру және санитарлық қорғауды қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қарашадағы N 1168 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2293 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2293 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру және санитарлық қорғауды қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануы тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Үкіметінің 2003 жылғы 22 қарашадағы
N 1168 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру және санитарлық қорғауды қамтамасыз ету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру және санитарлық қорғауды қамтамасыз ету ережесі (бұдан әрі - Ереже) ел аумағына жұқпалы және паразиттік аурулардың, адам денсаулығы үшін ықтимал қауіпті заттар мен өнімдердің әкелінуіне жол бермеу мақсатында жүргізілетін Мемлекеттік шекара арқылы адамдар мен жүктердің өткізілуін бақылауды жүзеге асырудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғау мақсатында іс-шаралар жүргізудің тәртібін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын санитарлық-карантиндік бақылауды ұйымдастыруды және Қазақстан

Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық қорғауды қамтамасыз етуді Мемлекеттік шекарадағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері мен тиісті аумақтарда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдар (бұдан әрі - Органдар) жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру және санитарлық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

3. Санитарлық-карантиндік бақылауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі Органдар жүргізеді және Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық қорғаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Санитарлық-карантиндік бақылау Мемлекеттік шекарадан өтетін барлық адамдарға, соның ішінде жолаушыларға, поезд бригадаларына, көлік құралдарының экипаждары мен қызметшілеріне және Мемлекеттік шекарадан жаяу өтетін адамдарға, көлік құралдарына, сондай-ақ халықтың денсаулығына қауіп төндіретін жүктерге қатысты жүргізіледі.

5. Санитарлық-карантиндік бақылау мынадай жұқпалы және паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуына жол бермеу мақсатында жүргізіледі:

- 1) карантиндік жұқпалы аурулар (оба, тырысқақ, сары қызба);
- 2) аса қауіпті жұқпалы аурулар (Ласс, Марбург, Эбола контагиозды вирусты геморрагиялық қызбалары);
- 3) ауыр жіті респираторлық белгі немесе типтік емес өкпе қабынуы;
- 4) паразиттік аурулар (безгек).

6. Санитарлық-карантиндік бақылау:

1) келу сәтінде осы Ереженің 5-тармағында көзделген жұқпалы және паразиттік аурулар бойынша қолайсыз елдерден жолаушы және өзге де көлік құралы немесе жеке тұлға келген кезде;

2) жолаушы және өзге де көлік құралының экипажынан көлік құралында жұқпалы және/немесе паразиттік аурумен ауыратын науқастың немесе оларға күдікті адамның болуы туралы хабарлама алған кезде;

3) жөнелтуші елдің құзыретті органдарынан, транзиттен немесе алушыдан халықтың денсаулығына қауіп төндіретін жүктің келуі туралы ақпарат алған кезде;

4) өткізу пункттерінде жүкті алушы контейнерлер мен лихтерлерді ашқанда немесе олардың тұтастығы бұзылғанда;

5) көлік құралында осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген жұқпалы және паразиттік ауруларды тасымалдаушы жәндіктер мен өлген кеміргіштер табылған кезде жүргізіледі.

Өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар келген кезде объективті эпидемиологиялық айғақтар болғанда кез келген көлік құралын немесе контейнерлерді, сондай-ақ халықаралық рейспен келген кез келген адамды санитарлық-карантиндік бақылай алады.

7. Санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру үшін мынадай құжаттар ұсынылады :

1) жолаушы көлік құралының медициналық-санитарлық декларациясы;

2) жолаушы және өзге де көлік құралын дезинсекциялау мен дератизациялау туралы куәлік ;

3) жүктерге арналған ілеспе құжаттар.

Бұл ретте мыналар жүргізіледі:

4) олардың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, гигиеналық нормативтерге сәйкестігі мәнінде халықтың денсаулығына қауіп төндіретін заттар мен өнімдерді зертханалық (құрал-сайманды) зерттеу;

5) осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген жұқпалы және паразиттік аурулар бойынша қолайсыз елдерден келгенде, сондай-ақ келген көлік құралының экипажынан жұқпалы және/немесе паразиттік ауру белгісі бар немесе оған күдікті науқастың болуы туралы ақпарат алған кезде адамдарды медициналық қарау және сұрақ қою .

Жұқпалы және паразиттік аурулар бойынша қолайсыз елдерге баратын адамдарда жұқпалы ауруларға қарсы вакциналау немесе ревакциналау туралы халықаралық куәлік болуы тиіс.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар оларға денсаулық жағдайына шағыммен адамдар барған кезде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды дереу хабардар етеді.

9. Көлік құралында жұқпалы және/немесе паразиттік ауру белгісі бар немесе оған күдікті науқас, сондай-ақ тасымалдаушы жәндіктер немесе өлген кеміргіштер болған кезде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамның шешімі бойынша көлік құралы белгіленген тәртіппен санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шаралар жүргізу үшін санитарлық тұраққа (санитарлық аймақ, санитарлық тұйық, санитарлық алаң) жіберіледі. V074793, V043441, V043171

10. Жүзеге асырылатын санитарлық-карантиндік бақылаудың нәтижелері бойынша лауазымды адамдар санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісін жасайды, онда қажет ілеспе құжаттардың болуы, келген көлік құралының түрі мен бағыты, жолаушылар мен экипаж мүшелерінің саны, жұқпалы және/немесе

паразиттік ауру белгісі бар немесе оған күдікті науқастардың болуы, халықтың денсаулығына қауіп төндіретін жүктің атауы және оның санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасының нәтижелері көрсетіледі.

Санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар қызметтік куәлігін ұсына отырып, халықтың денсаулығына қауіп төндіретін экипаж мүшелері, жолаушылар және жүктер бар үй-жайларға, көлік құралдарына кедергісіз кіреді.

11. Жұқпалы және/немесе паразиттік аурулармен ауыратын науқас анықталған жағдайда тиісті аумақтардағы Органның лауазымды адамдары мынадай індетке қарсы іс-шараларды жүргізеді:

1) науқасты аумақтық емдеу-алдын алу ұйымының ауруханасына жатқызғанға дейін оны өткізу пунктiнiң оқшаулағышына уақытша оқшаулауды;

2) науқаспен қарым-қатынас жасаған адамдарды обсервациялауды, қажетiне қарай, оларды аумақтық емдеу-алдын алу ұйымының ауруханасына провизорлық ж а т қ ы з у д ы .

Жұқпалы және/немесе паразиттік аурулар белгісі бар науқастарды және олармен қарым-қатынас жасаған адамдарды емдеу және зертханалық тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтық емдеу-алдын алу ұ й ы м д а р ы н д а жү р г і з і л е д і ;

3) бортында жұқпалы және/немесе паразиттік аурулар белгісі бар немесе жұқпалы және/немесе паразиттік ауруларға күдікті науқас анықталған көлік құралының дезинфекциялық іс-шараларын ұйымдастыруды.

Келген көлік құралдарында тасымалдаушы жәндіктер, кемiргiштер мен олардың өлiктерi табылған жағдайда көлік құралдары, олардың экипаждарымен, жолаушыларымен және жүктерiмен бiрге дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар жүргізілетін санитарлық тұраққа (санитарлық аймақ, санитарлық тұйық, санитарлық алаң) жіберіледі.

Орган көлік құралын дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау немесе олардан босату туралы куәлікті береді.

12. Халықтың денсаулық жағдайына қауіп төндіретін, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, гигиеналық нормативтерге жауап бермейтін және жұқпалы аурулардың немесе жаппай жұқпалы емес аурулар мен уланулардың пайда болу және таралу қаупін төндіретін жүктер мен тауарларды санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісінде себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге рұқсат етілмейді.

13. Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген жұқпалы және/немесе паразиттік аурулар тіркелген жағдайда, аурудың инкубациялық кезеңіндегі адамдарға Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық

салауаттылығы туралы заңнамасына сәйкес тиісті аумақтарда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын атқарушы органдар олар анықталған орында індетке қарсы іс-шараларды жүргізеді.

14. Органдар осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген жұқпалы аурулар бойынша қолайсыз елдерге барушы экипаж басшыларына, мүшелеріне, поезд бригадаларына, көлік құралдарының қызметшілері мен жолаушыларына, жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу шаралары жөнінде нұсқау беруді жүргізеді.

15. Денсаулық сақтауды басқару органдары белгіленген тәртіппен емдеу-алдын алу ұйымдарының жұқпалы және/немесе паразиттік аурулар әкелінген немесе анықталған жағдайда іс-шаралар жүргізуге тұрақты дайындығын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, жұқпалы ауруларға қарсы иммундық алдын алуды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен вакциналау немесе ревакциналау туралы құжатты береді.

16. Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық қорғау мақсатында жұқпалы және/немесе паразиттік аурулардың әкеліну және таралу қаупі жағдайында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері мен аумағында шектеу іс-шараларын (карантинді) енгізу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.